

## **"Иассау" мемлекеттік акционерлік туризм компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 12 мамыр N 503. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.20. N 758 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігін құру туралы" 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1460 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Интурист-Қазақстан" Шетел туризмі ұлттық компаниясы кәсіпорындарының негізінде қосымшаға сәйкес "Иассауи" Мемлекеттік акционерлік туризм компаниясы (бұдан былай-Компания) құрылсын. Компания еңбекақы төлеу, әлеуметтік және материалдық қамтамасыз ету шарттары жөнінен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы N 1251 қаулысымен бекітілген 1 санаттағы компаниялар қатарына жатқызылсын.

2. Компанияға туристік қызметті жүзеге асыру, осы саланың материалдық-техникалық базасын дамытып нығайту үшін қаржы ресурстарын шоғырландыру міндетін шешу жүктелсін.

Компания "Интурист-Қазақстан" Шетел туризмі ұлттық компаниясының мүліктік құқығы мен міндеттемелерінің құқықтық иегері болып танылсын.

Компания басқармасы Алматы қаласында орналастырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- бір ай мерзім ішінде Компанияны құру жөніндегі құрылтайшы құжаттар дайындасын;

- Компанияға өзінің құрамына кіретін кәсіпорындардың мемлекеттік мүлкіне иелік ету, пайдалану және басқару құқығын берсін;

- Компаниямен бірлесе отырып, Компанияның құрамына кіретін кәсіпорындардың мемлекеттік меншігін Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993 - 1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына сәйкес өзгертетін болсын.

5. Компания облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесе отырып, үш ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне Компанияға иелік ету, пайдалану және басшылық ету құқығымен шетел

туристерін орналастыруға қажет талаптарға сай келетін ғимараттар, демалыс үйлерін, аңшылық және туристік базаларын беру туралы ұсыныстарын енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі ұсынған есепті материалдардың негізінде Алматы қаласында 300 нөмірлік 5 жұлдызды "Интурист" мейманхана салу үшін шетел несиесінің есебінен қажетті күрделі қаржы қарастырсын.

7. Алматы қаласының әкімі белгіленген тәртіп бойынша Компанияға:  
- 5 жұлдызды мейманхана құрылысы үшін қала орталығынан 1,5 - 2

гектар жер учаскесін;

- автокөлік базасы құрылысы үшін (1 гектардан кем емес) жер учаскесін бөлсін.

8. Компанияға төмендегідей:

- шетел туристері үшін көзделген халықаралық деңгейге сай келетін қызмет кешені мен түрлерін көрсету;

- Қазақстан Республикасы азаматтарының туристік жолдама бойынша шетелге шығуы үшін қажетті құжаттарды ресімдеу;

- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруға және шетелге шығу үшін билеттер сату мен тиісті құжаттар ресімдеу құқығы берілсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласының әкімімен бірлесіп, Компанияның атқарушы аппаратын орналастыру үшін қызмет үй-жайларын бөлсін.

10. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі қолдағы ресурстар есебінен телефон және телекс байланыс арналарын бөлсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 12 мамырдағы

N 503 қаулысына

қосымша

"Иассауи" Мемлекеттік акционерлік туризм  
компаниясының құрамына кіретін кәсіпорындардың

Т І З Б Е С І

360 орындық "Отырар" мейманхана кешені, Алматы қаласы  
"Қазақ ауылы" филиалымен

"Интурист" компаниясының агенттігі	Атырау қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Семей қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Петропавл қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Жезқазған қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Жамбыл қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Шымкент қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Қарағанды қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Өскемен қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Ақмола қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Ақтөбе қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Павлодар қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Орал қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Ақтау қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Қостанай қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Көкшетау қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Қызылорда қаласы
"Интурист" компаниясының агенттігі	Талдықорған қаласы
40 орындық "Хоргос" мейманханасы	Талдықорған облысы,
	Панфилов ауданы